

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы "Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 87 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 382 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 25 қарашада № 253-19 болып тіркелді

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы "Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 87 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №194757 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің бірінші орынбасары

А. Жаканбаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы
20 қарашадағы № 382 қаулыға
қосымша

Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймақтарының ені, (метр)	Су қорғау белдеулерінің ені (метр)
1	Голубиновка өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
2	Мельничный өзені	Ескелді ауданы	500	35-100
3	Қоғалы өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
4	Сарыбұлақ өзені	Ескелді ауданы	500	35-100
5	Тыңбас өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
6	Рай көлдері	Ақсу ауданы	300	100
7	Көксай жоба аймағындағы су объектілері (Қоғалы өзені, Қосбастау, Бұлақ, Қарамола, Байғабат, Көксай,	Кербұлақ ауданы		35

	Белый ключ, Коноваловская, Бурымбай ағындар)		500	
8	Шет Тентек өзені	Алакөл ауданы	500	75
9	Орта Тентек өзені	Алакөл ауданы	500	35-100
10	Қапал өзені	Ақсу ауданы	500	35-75
11	Қора өзені	Ескелді ауданы	500	35-55
12	Балықты өзені	Ескелді ауданы Талдықорған қаласы	500	35-75
13	Текелі өзені	Ескелді ауданы, Текелі қаласы	500	35-75
14	Қусақ (Кемір) өзені	Ескелді ауданы	500	35-100
15	Үшарал өзені	Панфилов ауданы	500	35-75
16	Шыжын өзені	Панфилов ауданы	500	50-100
17	Тышқан өзені	Панфилов ауданы	500	35
18	Айнабұлақ өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-75
19	Майтөбе өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
20	Қошқаркөл көлі	Алакөл ауданы	500	35
21	Өсек көлі	Панфилов ауданы	500	35-55
22	Балқаш көлі (Лепсі ауылдық округі)	Сарқан ауданы	500	35-50
23	Алакөл көлі (реттеу)	Алакөл ауданы	500	35
24	Шет Тентек өзені және Орта Тентек өзені Л-44-78 (10е- 5b-5), L-44-79 (10г- 5a-1,2) үш блок үшін жер қойнауы учаскесінің шекарасында	Алакөл ауданы	500	35-100
25	Бұрқан өзені	Панфилов ауданы	500-600	35-100
26	Байғазы өзені	Кербұлақ ауданы	500-600	35-100
27	Қызылашы өзені	Кербұлақ ауданы	500-550	35-100
28	Балықты өзені (кадастрлық нөмірлері: 03-268- 949-381, 03-268-950 -379 жер учаскелері шегінде)	Талдықорған қаласы	500	35-100
	Жобаланған 220 киловольт, 110 киловольт желілерінің және тас жол шекараларындағы			

29	Қарағайлы, Самін, Дүйсейін, Шібіже, Шақпақты, Біжі ағындар, Бәйтерек өзені, Қоғалы с а л а с ы , Қырғауылды ағыны (арнасы), Тасбастау ағыны (сол Тасбастау), Тасбастау саласы (оң Тасбастау), аты жоқ құрғақ өзені-1 арнасында	Кербұлақ ауданы	500	35
----	---	-----------------	-----	----

Ескертпе: су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ендері бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК